

ЖЫР АЛЫБЫНА АРНАЛҒАН ТОЙ

Әлібек ҚАҢТАРБАЕВ.

Қасиетті Аякөз өңірі – батырлар мен ақындар мекені. Былтыр ғана махаббаттың қос мұңлығы – Қозы мен Баян жырының 1500 жылдығын халықаралық деңгейде атап өткен Аякөз терлігі кеппей жатып тағы да бір республикалық деңгейдегі үлкен той – ақындықтың ақберені Дулат Бабатайұлының 200 жылдығын атап өтті.

Екі күнге созылған үлкен мерекеге облыс әкімі Талғатбек Абайділдин, ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед және республикамыздың белгілі қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, өнер шеберлері қатысты.

Ақиық ақынға арналап қатым түсірілді, ғылыми-практикалық конференция, жазба ақындардың мүшәйрасы өткізілді.

Той туралы толық материалды газетіміздің келесі санынан оқи аласыздар.